

2015 жылға арналған Бірыңғай дистрибьютордан сатып алуға жататын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 664 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 тамызда № 11933 болып тіркелді

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 68) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2015 жылға арналған Бірыңғай дистрибьютордан сатып алуға жататын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізімі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п т е :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне р е с м и ж а р и я л а у ғ а ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік 10 күннің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у ж ә н е
әлеуметтік даму министрі *Т. Дүйсенова*

Қазақстан Республикасының
 Денсаулық сақтау және
 әлеуметтік даму министрінің
 бұйрығына қосымша
 2015 жылғы 13 тамыздағы № 664

**2015 жылға арналған Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын
 тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде
 дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың
 тізімі**

| № р/р | Дәрілік заттың атауы (халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы) | сипаттамасы | Өлшем бірлігі - 1 дана (банка, доза, таблетка, капсула, дан) | шекте баға (теңге) |
|--------------------------|---|---|---|--------------------|
| Дәрілік заттардың тізімі | | | | |
| 1 | Құрамында жасушасыз көкжөтел компоненті бар адсорбирленген көкжөтелді-дифтериялық-сіреспелік вакцина (АБКДС) | жасушасыз көкжөтелдік компоненті бар дифтериялық-сіреспелі вакцина, 1 дозалық. | доза | 1 975,53 |
| 2 | Ауыз арқылы, полиомиелитқа қарсы вакцина (АПВ) | тірі ішуге арналған, құрамында полиомиелит вирусының иммунологиялық 1,2,3 түрлерінің аттенуирленген штаммдары бар.Шығарылу түрі - 10; 20 дозалық құты, | доза | 55,64 |
| | | жиынтығында тамызғышы бар немесе пластмассалы құты - пипеткада. | | |
| 3 | Лопинавир + Ритонавир | таблетка, 200 мг/50 мг | таб | 163,90 |
| 4 | Натрий аминосалицилаты | түйіршіктер 600 мг | банка | 8 239,00 |
| 5 | Нилотиниб | капсула, 200 мг | капс | 11 881,08 |
| 6 | Протионамид | таблетка, 250 мг | таб | 10,66 |

| | | | | |
|---|--|---|------|--------------|
| 7 | Эрлотиноб | таблетка, 150 мг | таб | 16 124,96 |
| Медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізімі | | | | |
| 1 | Шығыс материалдары бар инсулинді помпа | 1,8 мл көлемінің сұйыққоймасы үшін, қан глюкозасының үздіксіз жұмыс жасау мониторингі, есептелген мөлшерлерді автоматты түрде енгізу, орыс тіліндегі деректері бейнеленген мәтінді экран, болюсті автоматты түрде есептеу функциясы, шығыс материалдарының болуы (жылдық тұтынуы), емделушілерді техникалық қолдау (жедел ақпарат желісі, бұзылған помпаларды кепіл бойынша аустыру), дәрігерлерді оқыту. | дана | 1 033 772,45 |
| 2 | Шығыс материалдары бар инсулинді помпа | 3 мл көлемінің сұйыққоймасы үшін, қан глюкозасының үздіксіз жұмыс жасау мониторингі, есептелген мөлшерлерді автоматты түрде енгізу, орыс тіліндегі деректері бейнеленген мәтінді экран, болюсті автоматты түрде есептеу функциясы, шығыс материалдарының болуы (жылдық тұтынуы), емделушілерді техникалық қолдау (жедел ақпарат желісі, бұзылған помпаларды кепіл бойынша аустыру), дәрігерлерді оқыту. | дана | 1 033 772,45 |
| 3 | Инсулинді помпаларға арналған сұйыққойма | Көлемі 3,0 мл | дана | 1 020,27 |

*Таблеткаға таблетка; қабықпен қапталған таблетка; үлдір қабықпен қапталған таблетка, ішекте еритін қабықпен қапталған таблетка, дисперсияланатын таблетка, соруға арналған таблетка, кепірітін таблетка жатады
Капсулаға капсула, катты капсула жатады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК